

# Денсаулық, еңбек, қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жалпы саясат



*НКОК Н.В. компаниясы денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы тиімді басқару – табысты қызмет жүргізуге ықпал ететін маңызды факторлардың бірі деп біледі. Мекеме және жеке қызметкерлер ретінде келесі міндеттемелер қабылдаймыз:*

- *Адамдарға және қоршаған ортаға зиян келтірмей жұмыс істеуге және табиғи мен энергетикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануға тырысу;*
- *Басшылығымыз бен қызметкерлеріміздің үлгі көрсетуіне ықпал ететін денсаулық, еңбек, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәдениетін белсенді дамыту;*
- *ДЕҚҚОҚ саласындағы барлық қатерлерді анықтауға, тиімді бақылауға және Компания мен жекелеген қызметкерлердің жұмыс көрсеткіштерін бағалау үшін міндеттер мен мақсаттарды анықтауға бағытталған жүйелі тәсілдемені ДЕҚҚОҚ саласындағы басқаруға қолдану;*
- *адамдарды, активтерді, және ақпаратты қауіпсіздік саласындағы ішкі және сыртқы тәуекелдерден қорғайтын жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету;*
- *қызметкерлеріміз арасында салауатты өмір салтын насихаттау және қызметкерлерімізді жұмыс орындағы қауіп-қатерден қорғау;*
- *нысандарымызда өндірістік операцияларды орындау кезінде активтердің тұтастығын және сенімділігін қамтамасыз ету бойынша озық сала стандарттарын ұстану;*
- *ДЕҚҚОҚ саласында біздің талаптарымызға сәйкес келетін немесе белгіленген көрсеткіштерімізден басым түсетін (қосалқы) мердігерлерді таңдау;*
- *штаттан тыс немесе қолайсыз жағдайлар кезінде шұғыл және тиімді әрекет ету үшін жүйелерді енгізу және тексеру;*
- *Компания қызметі барысында ҚР заңнамасын, Солтүстік Каспий бойынша өнім бөлісу туралы келісімнің, Бірлескен қызмет туралы келісімнің шарттарын және сала бойынша озық тәжірибені басшылыққа алу;*
- *Қазақстан Республикасының ДЕҚҚОҚ саласындағы заңдары мен нормативтік актілерін жетілдіруге сындарлы және әдепті түрде үлес қосу;*
- *жұртшылық пен қызметкерлерді ДЕҚҚОҚ мәселелері бойынша ашық сұхбатқа тартып, сенімге негізделген ұзақ мерзімді оң қарым-қатынас орнату;*
- *жоғарыда келтірілген ұстанымдарды үздіксіз жетілдіру мақсатында оларды тексеру, мезгіл-мезгіл талдау.*

*Жағымсыз салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін қауіпсіз емес жағдайды немесе әрекетті байқап, орындалып жатқан жұмыстарды тоқтатқан барлық қызметкерлерді қолдаймын.*

Ричард Хоув,

Басқарушы директор

Ақпан-2019